

21.01. 2019.

«Ұлыны ұлықтау – ұлттық парыз»

Қазақ өнерінің алып бәйтерегі, кино саласының абыз ардагері - атақты актер, режиссер Шәкен Айманов екені даусыз. Ұлттық мәдениетіміздің қалыптасуына, қазақ театры мен кинематографиясының дамуына зор үлес қосқан, еңбек сіңірген көрнекті тұлға. Театрды өзінің актерлік және режиссерлік мектебіне балаған Шәкен Айманов қазақ сахнасындағы қайталанбас образдармен, спектакльдермен тарихта қалды.

Ұлтымыздың мақтанышы, кино өнерінің майталманы, танымал актер әрі режиссер Шәкен Аймановтың туғанына биыл 105 жыл толады. Осыған орай облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер бөлімшесінде «Ұлыны ұлықтау – ұлттық парыз» тақырыбында жылдық көрме дайындалды. Көрме жылдың басында арнайы осы кісіге арналған. Көрменің бөлімдеріне жеке-жеке тоқталайық. Бірінші бөлім «Дәуірдің жарық жұлдызы». Бұл жерде дарынды актер, қазақтан шыққан тұңғыш кинорежиссер Шәкен Кенжетайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған әдебиеттер топтастырылған. Әртістің отбасы, туған жері, өскен жері, балалық шағы мен өмір жолы қамтылған.

Екінші бөлім «Ұлы тұлғаның өнердегі өмірі» толығымен шығармашылыққа арналған. Ол қазақ сахнасында өзінің табиғаты, шынайылығы, кәсібилігімен есте қалды. Ол сомдаған кейіпкерлер қазақ киносының классигіне айналды. Айтып өтсек «Алдар Көсе», «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры», «Ән шақырады», «Махаббат туралы аңыз», «Біз осында тұрамыз», «Атамекен», т.б. Осы бөлімде Шәкен Аймановтың әртістік, режиссерлік қырына арналған әдебиеттермен танысуға болады. Режиссердің барлық еңбектерінде еліне деген сүйіспеншілік пен патриотизм басым көрсетілген. Бөлімде Шәкен Айманов жайындағы замандастарының, әріптестерінің мақалалары мен естеліктерінде ұлы режиссердің кәсіби шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, адами қасиеттері туралы айтылады. Осы еңбектерінің арқасында тұлғамыз ел есінде мәңгілікке сақталып қалды. Көзінің тірісінде-ақ фильмдері қазақ киносының мақтанышы мен классигіне айналып үлгіргені хақ.

Көрмені тамашалауға шақырамыз!



ҰЛЫНЫ ҰЛЫҚТАУ - ҰЛТТЫҚ ПАРЫЗ

Актер, режиссер Шәкен Аймановқа 105 жыл (1914-1970)

ҰЛЫНЫ ҰЛЫҚТАУ - ҰЛТТЫҚ ПАРЫЗ

Ақсәуле

Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігі үшін

Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігі үшін

